

# **«Қош келдің, Жаңа- жыл, Жаңа белес, Жаңа арман !»**

(Мерекелік іс-шара)

Тақырыбы: Қош келдің, Жаңа-жыл, Жаңа белес, Жаңа арман !

Күні: 27.12.2022 ж

1 – жүргізуші:

Қош келдің, Жаңа жылым,

Көп болар жаңалығың

Саған жыл бақ сый еттім.

Жаңа нұр күттім, досым,

Жаңа жыл құтты болсын!

Сәлеметсіздер ме! Құрметті ата-аналар, қонақтар, оқушылар. Келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын!

— Жаңа жыл – Қоян жылы әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Әрдайым қажырлы қайратыңыздан күш, жылы жүздеріңізден нұр кетпесін. Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын.

Олай болса, көңіліміздің керегесін кеңейтіп, баршамызға береке сыйлар мерекелі кешіміздің шымылдығын ашу үшін сөз мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмұдұлына беріледі.

1 – жүргізуші:

Бүгін сізге жырдан алқа тағайын,

Шат күлкіге толы болсын маңайың.

Көргендер де көрмеген де арманда.

Жаңа жылың құтты болсын ағайын.

Зеңгір көкте жұлдыз болып жанайын,

Ай жүзіндей айшықтанып, арайың.

Жанға шуақ, бойға қуат әкелген.

Жаңа жылың құтты болсын ағайын.

Ән «Шырша жыры»

1 – жүргізуші: Байқаймысыздар, бұл кеште біздің Аяз-ата мен Ақшақарымыз көрінбейді ғой.

Олай болса ортаға Аяз ата мен ақшақарымызды шақырайық!

(Аяз ата мен Ақшақарды шақыру.)

Аяз Ата мен Ақшақар сөйлейді.

Ал, Аяз ата мен Ақшақарға дайындаған шағын концертімізді көрсетейік.

Бүгінгі біздің мерекелік кешіміз сайыс түрінде болады

1. Мерекелік құттықтау

2. Өнер сайысы

3. Жаңа жылдық көрініс

Бүгінгі сайысымызға әділ қазы алқаларымен таныс болыңыздар

1 Қокыбасов Сержан

2 Сарманова Л

Ән

Жүргізуші:

Төрле, төрле – Жаңа жыл!

Айтамыз тебірене жаңа жыр.

Төрле, төрле – Құтты жыл!

Халыққа жүрші әркез төгіп нұр.

Жүргізуші:

Дала аппақ, ақ ұлпа, түрге енді,  
Балалар қызыққа тоймайды енді.  
Әр сыныптың өнерін қызықтап,  
Тамашалауға жұртшылық келген еді.

Би

Жаңа жылда жаңа табыс әркімге,

Бакыт болсын таусылмайтын әркімге.

Отан аман, заман тыныш, бейбіт күн,  
Тыйылмасын сәби, бөбек күлкісі. -деп біз **«Қош келдің, Жаңа-жыл, Жаңа белес, Жаңа арман !»** атты  
ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті.

1. Жүргізуші Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер, әріптестер, отбастарыңызға бақ-береке, тыныштық,  
бейбітшілік, татулық тілеймін. Жылқы жылы бакыт, қуаныш әкелсін!  
Сіздермен біз қоштаспаймыз, тек қана сау болыңыздар-дейміз!



#### 4.«Кім жылдам»

Төрешінің белгісі бойынша белгіленген жерге допты жерге ұрып барып,қайтарында жүгіріп келеді. Допты келесі ойыншыға береді. Ойын осылай жалғасып,бірінші келген команда жеңімпаз болады.

#### 5.«Қаппен жүгіру»

Төрешінің белгісі арқылы қапты киіп алып,белгіленген жерге секіріп барып,кейін қайтады.Қапты шешіп келесі ойыншыға береді.Бірінші аяқтаған топ жеңімпаз болады.

#### 6.«Арқан тарту»

Команда мүшелері түгел арқан тартуға шығады.Белгіленген жерге қарсылас команда мүшелерін тартып келеді.Командалар бір-бірімен түгел арқанмен тартысады.

### **III.Қорытындылау.**

Қорытынды сөз әділқазыларға беріледі.


Командалар сап түзеп қатарға тұрады.

Ұпай санын есептеп,жарысқа қатысқан командаларды марапаттау.

## №39 «Қызылөзек» орта мектебі химия-биология және география пәндері бірлестігінің күзгі каникул уақытында өткізген іс –шарасына

### Анықтама

Оқушылардың күзгі каникул уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2 қараша күні география пәні мұғалімі Ш Куликованың ұйымдастыруымен 8сынып оқушылары «Туған өлкеге саяхат» тақырыбында облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасады. Музейде туған жер тарихымен танысып, танымал тұлғалар, облысымыздан шыққан батырлар, еңбек ерлері туралы білді. Оқушылар төл тарихымыз бен ұлттық идеологиямызды насихаттайтын рухани-мәдени орталықтың қорындағы көптеген экспонатпен танысты. Өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениеті мен салт-дәстүрін, ауылшаруашылығын және Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарындағы маңызды оқиғаларын баяндайтын 11 залда 4502 экспонатпен танысты.



Мәдени тегімізді танытатын төл мұралар, жәдігерлер сақталған музейдің жаңарған экспозициясы Сыр елінің тарих тағылымын кейінгі жас ұрпаққа таныта беретіні сөзсіз.

Пән мұғалімі :

Куликова Ш

2022ж



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 1-8 –ақпан аралығында жоспарланған «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының жоспарына сәйкес «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткерлері – Төлен Әбдіковтың «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы өтті. Мақсаты: қазақ әдебиетін дәріптеу, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуына ықпал ету. Т.Әбдіков өз шығармашылығында өмірді оның қайшылықтарымен, адами қатынастардың күрделілігімен жеткізуге тырысады. Оның шығармалары оқырмандардың назарын оқушыларды жеткізудің шынайлығымен ғана емес, сонымен бірге баяндаудың эмоционалды құрамдас бөлігімен де тартады. Қызылөзек ауылдық №10 кітапхана меңгерушісі Досмырзаева Мираш, мектебіміздің кітапханашысы Сыздықова Гүлмира және қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен оқырмандар конференциясына 8,9,10- сынып оқушылары қатысып шығарма желісін талдау, түрлі сұрақтарға жауап берді. Кейіпкерлер жүйесіне өзіндік көзқарастарын білдіре.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

С.Қоқыбасов




## Анықтама

«Жас Ұлан» ұйымының жоспарына сәйкес, дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Махмұдұлы мен тәлемгер Б.Ержанованың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында «Денсаулық- зор байлық» атты эстафеталық жарыс болып өтті.

Максаты:

- 1.Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру;
- 2.Оқушыларды ұйымшылдыққа,достыққа,ұлтжандылыққа тәрбиелеу;
- 3.Оқушыларды жылдамдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Білім,білік дағдыларын кеңейту;

Жарыс нәтижесінде 1 орын «Қыран» 2 орында «Достық»3 орында «Тұлпар» командалары жеңіске жетті.



Мектеп тәлімгері

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to B. Erjanova.

Б.Ержанова

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

# *Денсаулық - зор байлық*

Орындаған: Ержанова Б

2022-2023 оқу жылы



**Тақырыбы:** «Денсаулық- зор байлық»

**Сабақтың мақсаты:** 1.Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру;

2.Оқушыларды ұйымшылдыққа,достыққа,ұлтжандылыққа тәрбиелеу;

3.Оқушыларды жылдамдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Білім,білік дағдыларын кеңейту;

**Сабақтың түрі:**командалық жарыс

**Сабақтың әдісі:**ойын

**Өтетін орны:** спорт алаңы

**Өтетін сыныбы:** 5-6 сыныптар

**Құрал-жабдығы:** доп,кедергілер,секірткіш,ысқырық,шығыршық,қап,эстафета таяқшасы

### **I.Ұйымдастыру кезеңі**

1.Жарысымыздың қорытындысын шығарып,әділ бағалап отыратын әділқазылар алқасымен таныстыру.

2.Ортаға командалар шығады.Мұғалімнің командасы бойынша сапқа тұрғызылады.Мемлекеттік Әнұран орындалады.

### **II.Жарыстың шарты.**

1.Сәлемдесу.(ұраны,топ аты)

2.Эстафеталық ойындар

3.Қорытындылау

1.«Эстафета таяқшасын алып жүгіру»

Әр топ ойыншылары төрешінің белгісі бойынша кедергілердің арасымен эстафета таяқшасын алып белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.Екінші ойыншыға береді.Бірінші келген команда жеңіске жетеді.

2.«Секіртпемен жүгіру»

Топ оқушылары төрешінің белгісі бойынша секіртпемен жүгіреді.Белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.Келесі ойыншыға береді.Ойынды бірінші аяқтаған топ жеңімпаз болады.

3.«Шығыршық тасы»

Төрешінің белгісі бойынша топ басшысы шығыршықпен белгіленген жерге топ мүшелерін біртіндеп тасып,кейін қайтады.Соңғы ойыншыны апарып,барлығын бірдей алып келеді